

## **Ыстық тамақ ақпарат 01.06.2023 жыл**

Аудандағы жалпы білім беретін мекемелердегі оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау жөніндегі аудандық ведомствоаралық сараптамалық тобының жұмысы.

2023 жылдың қаңтар айынан бастап Ойыл ауданының білім бөліміне қарасты 23 мектептің 20 мектебінде оқушылардың жекелеген санаттары бойынша тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстары ұйымдастырылған. Оқу жылын аяқтаған уақытта 736 оқушы тамақтанған.

Оның ішінде:

1 санат бойынша- 259;

2 санат бойынша – 197;

3 санат бойынша – 4;

4 санат бойынша – 4;

5 санат бойынша – 272;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығымен бекітілген "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына сәйкес көрсетілген санаттағы оқушылардың болмауына орай аудан бойынша (Қаракөл БМ, Құрманов БМ, Құбасай БМ) 3 мектепте ыстық тамақ ұйымдастырылмаған.

Мектеп асханаларының ішінде 16 мектепте типтік, 4 бейімделген үлгідегі асхана орналасқан.

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығының санитариялық қағидаларына сай барлық мектептерде асхана жұмыстары ұйымдастырылған.

«Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру

ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығы қағидаларына сәйкес, 2022-2023 оқу жылында аудандағы жалпы білім беретін мекемелердегі оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау жөніндегі аудандық ведомствоаралық сараптамалық тобы бекітіліп, жұмыс жоспары құрылды. Ведомствоаралық сараптамалық тобы тексеру кезінде мектеп асханасында тыйым салынған тағамдардың (шұжық өнімдерін, шұжықшалар мен құрамында табиғи бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргіштер, дәмді күшейткіштер, тәттілендіргіштер бар өзге де өнімдер) мектеп асханасында болмауын, санитарлық талаптардың сақталуын қадағалайды. Бейнебақылау камералары 20 мектептің асханаларын және 8 мектептің ас блогында орнатылған. Ауданның барлық мектептерінде 2 апталық мәзір бекітілген. Ас мәзірінде бүгінгі күн талаптарына сәйкес сүт, бал, балық өнімдері енгізілген. Барлық мектептерде мектеп әкімшілігі тарапынан да мектептегі тамақтандыру жұмысын бақылау қатаң бақылауға алынған. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылу жұмыстары білім бөлімі тарапынан да үнемі қадағалауда. Ойыл ауданы бойынша 2023 - 2024 оқу жылындағы 1-4 класс аралығындағы 1378 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылады деп жоспарланды. Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген жекелеген санаттағы 5-11 класс оқушылары да қосымша тамақтанатын болады. Асхананың құрал-жабдықтарына талдау жасалып қажетті жабдық таралу үшін облыстық білім басқармасына бюджеттік өтінім даярлануда.

Жалпыға орта міндетті білім беру жөніндегі бас маман Г.Садакбаева